

**ЭТНОТУРИЗМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРИЗМІНІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ(ҰЛЫТАУ ӨңІРІ МЫСАЛЫНДА)**

Қайсар Айжан Жұмабекқызы, Мухаметжанова Жазира Берықовна

kaisar.aizhan@mail.ru , mukhametzhanova21@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, «Туризм» кафедрасының 4-курс
студенттері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Тлеубаева Айтолқын Тлеубайқызы

Аннотация: Мақалада Ұлытау ауданын мысалға ала отырып, этнотуризмнің келешегі мен мәселелері қарастырылып, өңірдің туристік мүмкіндіктері мен қазіргі жағдайына талдау жасалды. Ұлытау өңірінің қазақ халқы үшін маңыздылығына сипаттама берілді.

Кілт сөздер: туризм, этнотуризм, Ұлытау өңірі.

Географиялық ортаның ресурстарын пайдаланудың арқасында туризм шағын инвестицияларды талап ететін ұлттық экономиканың саласы болып табылады. Сонымен қатар ол адамдардың жұмыспен және табыспен қамтамасыз ете отырып та экономикаға ықпал ете алады. Соңғы жылдарда Қазақстанның халықаралық туризмге қатысуы артып келеді, бұл өсім шығу туризмінде де келу туризмінде де байқалады. Қазақстан табиғат ландшафттарына, тарихи және мәдени ескерткіштерге бай, алайда ол шетелдіктерге және республиканың көптеген тұрғындарына беймәлім. Қазақстанның көрікті жерлері туралы өте қарқынды жарнама және ауқымды ақпараттар қажет. [1]

Туризм саласы қазіргі кезде экономиканы дамытудағы басты бағыттардың бірі болып табылады. Біздің еліміз туризм саласының барлық бағыттарын дамыту үшін табиғи, мәдени, географиялық мүмкіндіктерге бай өлке.

Туризм саласын дамытуды насихат жұмыстарын қарқынды жүргізу арқылы ғана жолға қоюға болады, себебі, туристер қай жерге баратындығы жайлы шешімді өздері ат басын бұрған елдердің табиғатының әсемдігі мен саяси тұрақтылығының бекемдігін, демалуға барлық жағдайдың жасалған-жасалмағандығын, туристік кешендер мен демалыс орындарындағы сервистік қызмет сапасының жоғары-төмендігін талдап, таңдау жасағаннан кейін барып қана қабылдары анық. Жалпы туризмнің тек демалудан басқа өзге елдердің тарихымен, мәдениетімен және ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен танысуды мақсат тұтумен жасалатын этнотуризм деп аталатын түрінің де маңызы зор. [2]

Қазіргі таңда барлық әлемде дәстүрлі этномәдениетке қызығушылық артуда: түрлі конференция-семинарлар өткізіліп, әртүрлі аймақтарда этнографиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді, әлі де зерттеліп жатыр. Күнделікті тұрмыста да этностильді заттар қолданысқа еніп жатыр. Қазақша оюмен әсемделген жиһаздар, қазақша киімдер, сөмкелер, әмияндар яғни, табиғи, таза өнімдер кеңінен қолданылып жатыр. Ұлттық мейрамдар мен фестивальдердің танымалдылығы жылдан-жылға арту үстінде. Бұл – ең алдымен туристердің қызығушылығын оятуға септігін тигізеді.

Бүгінде туризмнің бұл түрі әлемнің көптеген елдерінде танымалдылыққа ие болып келеді. Әзірге этнотуризм беделді курорттар мен СПА-орталықтарындағы демалыс секілді кең сұранысқа ие деп айта алмаймыз. Алайда жыл сайын басқа елдерге саяхат жасағысы келетін шетелдіктерді жайлылық емес, бірегей әсер алу мақсатында саяхаттау қызықтырады. Себебі олар өмірлеріндегі қарбалас жағдайлардан осылайша біраз уақытқа алыстағылары келеді.

Этнотуризм өңірдің дәстүрлі мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігімен танысуға, күнделікті күйбелең тіршіліктен демалуға үлкен мүмкіндік береді. Этнотуризм жастарды рухани-құндылықтарымызды қадірлеуге, сақтауға, отбасылық ара-қатынасты нығайтуға ықпалын тигізеді.

Қазақстан – этнотуризмді дамытуға өте қолайлы, себебі, еліміздің қай өңірі болмасын тарихи құндылықтарға, ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен сыр шертетін құндылықтарға ие. Қазақ даласының әлі де ашылмаған, зерттелмеген тарихи-мәдени мұралары өте көп. Қазақ жерінің әрбір бұрышы ұлтымыздың тарихы мен мәдениетіне бай.

Ұшқан құстың қанаты талып, құлан тұяғы мүжілетін ұлан-ғайыр аумағымыздың батысындағы Атырау мен Маңғыстау, Ақтөбе мен Орал, би-батырлар мен абыздардың мекені – Шымкент және Қызылорда өңірлері, шығысымыздағы Қатон-Қарағай мен Марқакөл, ал солтүстігіміздегі Павлодар мен Көкшетау, жер жәннаты Жетісудің керемет әсем табиғаты кез-келген елдің атақ-абыройын асқақтатуға негіз болатындай өңірлер. [2]

Біздің елімізде де этнотуризм өз дамуын енді ғана бастап келеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев та, этнотуризмді дамытуды шұғыл түрде дамытуды қолға алған болатын.

«...Еліміздің киелі жерлерінің арасында Ұлытау жері ерекше орын алады. Бұл қазақ халқының қасиетті бесігі, ұлт бірлігінің және Тәуелсіздік үшін қатал күрестің символы. Қазақстан таяу арада шетелдік және отандық туристер үшін тартымды орындардың бірі, сонымен қатар, әлемдік этнотуризм орталықтарының бірі бола алады...» - деп, президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауға сапарында өңірдің туризміне аса көңіл бөлу қажеттігін, Ұлытаудың қазақ халқы үшін киелі екендігін атап өткен болатын. [3]

Ұлытау – қазақ халқы қасиет тұтқан, ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғалардың мекені. Үш жүздің басы қосылған, ұлттың тарихи құндылықтары, мәдениеті сақталған, және оны дәріптейтін құдіретті де қасиетті жер. [4]

Ұлытау ежелден ұлы қазақ даласының киелі қазынасы іспеттес. Ұлытау ауданында 600-ден астам әртүрлі ескерткіштер бар, оның 282-і «Ұлытау» қорық-мұражайы қорының тарихи-мәдени картасына енгізілген. Олардың ішіндегі ең танымалдары: Шыңғысханның үлкен ұлы жерленген «Жошы хан» кесенесі, «Алаша хан» кесенесі, Қазақ хандығы құрылуымен байланысты тарихтың ұлы оқиғалары өткен «Хан Ордасы» тарихи орны, «Алтын Шоқы» тас тақтасы, ежелгі жартасқа салынған суреттер «Теректі әулие петроглифтары» және т.б.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасындағы алтыншы кластерінде Ұлытау туризміне көңіл бөлінген. Қазіргі таңда туризмді дамыту мақсатында президентіміздің тапсырмасы бойынша туристік кешен салынып жатыр.

Ұлытау ауданында республика бойынша «Жезкиік», «Тау самалы» сынды мәдени іс-шаралардың ұйымдастырылуы – қазақтың ұлттық мәдениетін және өнерін дәріптеу болып табылады және бұл шаралар имидждің қалыптасуына әсерін тигізеді.

Жыл сайын Ұлытау бөктерлерінде киіз үйлер тігіліп ұйымдастырылатын халықаралық Жезкиік фестиваліне әлемнің үш құрлығынан, 9 шет мемлекеттің және Қазақстанның фольклорлық ансамблі өнерлерін көрсетеді. Тау бөктерінде киіз үйлермен қатар, үлкен сахна, түрлі ойын алаңдары, алтыбақан, сауда шатырлары, қолөнер бұйымдарына, шағын сәндік мүсіндерге арналған шатырлар құрылып, ұлан-асыр той өткізіледі. Фестивальге қатысушылары мен қонақтарына қазақтың ұлттық салт дәстүрлері(бесікке салу, беташар және т.б.)көрсетіліп, ұлттық ойындары ойнатылады.

Ұлытау өңірі сыртқы және ішкі туризмді дамыту тұрғысынан үлкен әлеуетке ие. Әртүрлі кезеңдердегі тарихи мәдени объектілер, сонымен қатар биологиялық және табиғи ландшафтық әртүрлілік бұл жерде әртүрлі саяхаттарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Және «Nomadic Travel Kazakhstan» секілді туристік компания жеке немесе топтық турларды ұйымдастыруда көмек береді. Алайда,қазіргі уақытта Ұлытау туризмі негізінен әуесқой

туризм түрі болып табылады. Ұлытауға саяхаттайтын турист үшін негізгі мәселелердің бірі орналастыру орындары мен қоғамдық тамақтану объектілерінің жетіспеуі болып табылады. Сондықтан да, туристер көбінесе шатырларда түнеп, дала жағдайында тамақтанады.

Ұлытау өңіріне туристік пакеттерді әзірге тек «Nomadic Travel Kazakhstan» туристік компаниясы ғана ұсынады. Және де «Nomadic Travel Kazakhstan» туристік компаниясының құрастыруымен өлкеге 3D форматта саяхат жасау мүмкіндігі де бар. Сайтта Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелеріне, қасиетті Әулие тау, Ақжал тауы, Теректі Әулие, Едіге шыңы, Қазақстан халықтары бірлігі монументіне, Ұлытау ұлттық тарихи мәдени және табиғи қорық мұражайына, Басқамыр қалашығына және тағы да басқа турлар ұсынылған.

Сонымен қатар, 2016 жылы «Қазақ Ұлттық географиялық қоғам» ұйымы мен «Авалон» тарихи-географиялық қоғам» ұйымдарының «Avalon Travel Guides Ұлытау» атты ортақ жобасы жарыққа шыққан болатын. Кітапта Қазақстанның географиялық орналасқан Ұлытау өңірінің туристік тарихи жерлер жайында орыс тілінде толық мәліметтер берілген. Кітап өздігімен саяхаттаушыларға және болашағын туризм мамандығымен байланыстырып, осы өңірде гид жұмысын жасағысы келетін адамдардың қызығушылығын туғызады.

Ұлытау өңірінің туристік жағдайын зерттей келе келесідей жетіспеушіліктерді анықтадық:

Біріншіден, транспорттық инфрақұрылым. Яғни, туристерге қолайлы жол қатынасы ұйымдастырылмаған. Ал туризмнің қарқынды дамуына инфрақұрылым тікелей ықпалын тигізеді.

Екіншіден, қызмет көрсету сапасы төмен. Туристерге мамандандырылған қызмет көрсету (гидтер\аудиогидтер, аудармашылар, экскурсоводтар) брошюралар, мейрамханалар, қонақ үйлер жетіспейді. Туристердің демалыс орындарында емін-еркін, жайлы демалуы үшін қолайлы жол қатынасы, сервис деңгейінің жоғары болуы қажет.

Үшіншіден, туризм саласының мамандарының жетіспеушілігі.

Төртіншіден, ақпараттың қол жетімсіздігі. Интернетте, сайттарда шетелдік туристер нақты әрі толық мәліметтерді таба алмайды.

Бұл мәселелер болашақта толығымен жойылады деген ойдамыз, себебі бүгінгі таңда Ұлытау ауданының туристік әлеуетіне Президентіміз аса мән беруде, сонымен қатар, ауданда үлкен туристік комплекс жұмыстары жүріп жатыр.

Қорыта келе, Ұлытау өңірінде этнотуризмнің дамуы тек экономикаға септігін тигізіп қана қоймай, шетелдік туристердің еліміздің мәдениеті мен салт-дәстүрімен танысуына үлкен септігін тигізеді.

Біздің ойымызша, этнотуризм болашақта өте үлкен сұранысқа ие болады. Оның дамуы халқымыздың мәдениетінің сақталуы мен аймақтың тұрақты даму факторын қамтамасыз етуі тиіс. Жыл сайын туризмнің дамуына ауқымды да сапалы жұмыстар жүргізілетін болса, өте жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатындығына сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. S.R. Erdavletov Tourism of Kazakhstan // Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan. - Almaty : Bastau, 2015. - 459 с.
2. Түсіпбекова Г.М. Қазақстан Республикасындағы туризмді дамытудың кластерлік әдісі : оқу-әдістемелік құралы // Алматы : Molia & DOS, 2015. – 271
3. О чем говорил Президент Казахстан ана форуме «Улытау-2019» <https://www.zakon.kz/4982906-o-chem-govoril-prezident-kazahstana-na.html>
4. Қуаныш Ахметов. /Ұлытау [Мәтін] – Астана : Фолиант, 2006. -344с. : ил.